

Жаса, жайна, Астана!



Халықаралық балаларды қорғау күні қарсаңында облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасында ару қала Астананың 20 жылдығына орай, балалардың көптен күткен сүйікті жазғы демалысына арналған «Жаса, жайна, Астана!» деген атпен «Балалар сабантойы-2018» мерекесі тойланды.

Жарқын жаз мерекесі қызықты ойындар мен әдемі ән-күйге, ертегілер мен жұмбақтарға толы болды. Балалар ертегі әлеміндегі Жалмауыз кемпірдің шытырман оқиғаларымен түрлі аялдамаларға тоқтап, елордамыз Астанаға виртуалды саяхат жасады.

Мереке қонақтары «Интеллектуалды Астана», «ARTlab» шеберлік аялдамасында және «Думан» ойын аялдамасында білімдерін сынады. «Лондоннан Астанаға дейін», «From London to Astana», «От Лондона до Астаны» үштілді аймағында Лондон мен Астананың көрікті жерлері мен ерекшеліктерін бейнелейтін суреттерді тауып, оларды картадан көрсетті. Шара барысында библиоаукциондар өтіп,

балалар ребустар мен сөзжұмбақтар шешті. Ал «ARTlab» шеберлік аялдамасында Астананың 20 жылдығына арналған эмблемамен безендірілген пирамида мен тақырыпқа сай пазл құрастырды. Балалардың бірі түрлі-түсті әріптерден «Астананы сүйемін» деген сөздерді құраса, енді бір тобы тары, қарақұмық дәндерінен «Бірлік символын» жасап, өз шеберліктерін көрсетті.

«Думан» ойын аялдамасындағы «Океанариум», «Батут», «3D кинотеатр», «Боулинг», «Джунгли» алаңдарында түрлі ойын-сауықтар өтті. Балалар сабантойы кітапхана оқырмандары мен жеткіншектерге мереке қарсаңында тамаша көңіл күй сыйлады.